

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі
«7M02205 - Исламтану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушы жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
SIF5302 - Қазіргі кездегі фикһ зерттеулері	5	15	30		3	6	
Қанағаттанарлықсыз							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	теориялық семинардың аралас түрі	Проблемалық дәріс-консультациялар	Семинардың аралас түрі		Жазбаша емтихан		
Дәріскер (лер)	Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы						
e-mail:	Kudaiberdi1981@gmail.com						
Телефоны:	8 778 357 57 14						
Ассистент (тер)							
e-mail:							
Телефоны:							
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты-пәні студенттерге ислам құқық ғылымының заманауи бағыттарын, әдіснамалық өзгерістерін және қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты фикһтық ұстанымдарды терең талдауға мүмкіндік береді. Бұл пән арқылы білім алушылар дәстүрлі фикһ негіздерін қазіргі заман талаптарымен ұштастырып, құқықтық мәселелерге қатысты түрлі мазхабтар мен ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, сыни ойлау қабілетін дамытады.	ОН1. 1. Танымдық деңгейде фикһтың қазіргі зерттеулерінің пайда болуының себептері мен факторларын талдау жасау.				1.1 Фикһтың заманауи мәселелерінің пайда болу себептеріне талдау жасау;		
					1.2 Заманауи фикһтық бағыттардың жіктелуін түсіндіру;		
					1.3 Қазіргі ислам құқықтық мектептерінің ерекшеліктерін сипаттау.		
	ОН2. 2. Теориялық-әдістемелік деңгейде фикһтың қазіргі зерттеулеріндегі әдіс-тәсілдерін ғылыми негізде жасау қабілеттілігін қалыптастыру.				2.1 Фикһтық зерттеулерде қолданылатын ғылыми әдістерді анықтау;		
					2.2. Заманауи фикһтық еңбектердің құрылымын талдау;		
					2.3 Фикһ пен құқық философиясы арасындағы байланыстарды негіздеу;		
	ОН3. Аналитикалық деңгейде фикһтың қазіргі зерттеулерінің қазіргі күн үшін маңызын салыстырмалы түрде нақты талдау.				3.1 Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты фикһтық шешімдерді салыстыру;		
					3.2 Әртүрлі мазхабтар ұстанымдарын нақты мәселелер бойынша талдау;		
					3.3 Заманауи фикһтық пікірлердің әлеуметтік салдарға әсерін бағалау.		
	ОН4. Қолданбалы деңгейде фикһтың қазіргі зерттеулерінің қазіргі қоғамдық түйткілді мәселелерге шешімдерін саралау.				4.1 Қазіргі құқықтық жүйелерде фикһтық нормаларды қолдану мүмкіндігін көрсету;		

		4.2 Заманауи технологиялар мен биоэтика саласындағы фикһтық ұстанымдарды қолдану; 4.3 Фикһтық шешімдерді нақты кейстерге бейімдеп ұсыну.
	ОН5. Сыни және шығармашылық деңгейде фикһтың қазіргі зерттеулерін қарастыру.	5.1 Заманауи фикһтық ұстанымдарға сыни көзқарас білдіру; 5.2 Қоғамдық сұранысқа сай фикһтық тұжырымдар ұсыну; 5.3 Фикһтың болашақтағы даму бағыттарына қатысты ғылыми болжам жасау.
Пререквизиттер	Құран ілімдері, ханафи мәзһабы, матуриди ақидасы т.б.	
Постреквизиттер	Ислам құқығы және шариғат мақсаттары және т.б.	
Оқу ресурстары	Негізгі әдебиеттер 1. Филиппс А.Б. Эволюция фикһа. – М., 2021. – 224 с. 2. Kabbani M.H. The Fiqh of Islam. – Islamic supreme council of America., 2024. – 2 volume. 3. Abrar Hasan. Principles of modern Islamic Jurisprudence. – 2024. – 321 p. 4. ҚМДБ. Пәтуалар жинағы. Астана: Муфтият баспасы, 2020. 5. Қасым А. Заман тудырған сұрақтар 1-2 том. Алматы, 2020. Қосымша әдебиеттер 1. Исаұлы М. Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы. – Алматы, 2020. – 440 б. 2. Анарбаев Н.С. Қарақұлов Е. Ислам ғылымхалы. – Алматы, 2022 – 704 б. 3. Құрбанұлы Сансызбай. Шариғат мақсаттары. – Алматы, 2021. 4. Азаматов, Р. И. Теория целей шариата и её связь с источниками исламского права: учебное пособие / Азаматов Р. И. [Текст]. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2020. – 124 с. 5. Ислам құқығына кіріспе. Түсіпхан Имаммади. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, 2021. – 240 б. 6. Ислам құқығы негіздері. Әділбаев А., Әділбаева Ш., Оқан С. Ислам құқығы негіздері. – Алматы: Муфтият баспасы, 2024. – 496 б. 7. Шоқанов С., Рахимов А. Усул әл-фикһ (Ислам құқықтарының негіздері). - Алматы: 2015. 148 б. http://fatua.kz http://islam.kz http://islam-today.ru/	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. <u>Академиялық адалдық.</u> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары»,
-----------------------------------	---

				«Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail aijankn@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы <u>жиналысқа тұрақты сілтеме жасаңыз</u> кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.	
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ					
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Бағалау	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A -	3,67	90-94			
B +	3,33	85-89	Жақсы		
B	3,0	80-84	Қанағаттанарлық	Формативті және жиынтық бағалау Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады	% мәндегі баллдар Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді. <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u>
B -	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C +	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69		Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы
C -	1,67	60-64	Жобалық және шығармашылық қызметі		10
D +	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40

D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
F	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз		
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз		

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ ВАК/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША						
№	Критерий/балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30)	70–89% (21-26)	50–69% (15-20)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
№	Критерий/балл	Өте жақсы 90–100% (32-35 балл)	Жақсы 70–89% (26-31 балл)	Қанағаттанарлық 50–69% (18-26 балл)	Қанағаттанарлықсыз 25–49% (9-25 балл)	Қанағаттанарлықсыз 0–24% (0-8 балл)
2 сұрақ 35 балл	Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің болуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (32-35)	70–89% (26-31 балл)	50–69% (18-26)	25–49% (9-25)	0–24% (0-8)

3 сұрақ балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
-------------------------	--	--	---	---	---

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.				
Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл	
МОДУЛЬ 1. Фикһтың теориялық негіздері				
1	Д 1. Фикһтың қазіргі зерттеулері пәні, мақсаты мен міндеттері. Фикһ ілімінің танымы, мақсаты мен маңызы. СС 1. Екпе жасауға қатысты діни көзқарастар мен ұстанымдардың салыстырмалы талдауы: талдау	1 2	8	
2	Д 2. Фикһ ілімі қарастыратын тақырыптар және мазмұны. СС 2. Суррогат аналық пен қылмыстық құқық ОБӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер.	1 2	8	
3	Д 3. Фикһ пен Усули фикһ қатынасы СС 3. Гендік инженерия және адам геномын өзгерту ОМӨЖ 1. МӨЖ 1. «Қазіргі әлемдегі фикһ зерттеулер орталықтары», «Фикһтың қалыптасқан терминдері» (1) тақырыбына презентация қорғау және вордта өткізу.	1 2	8 18	
4	Д 4. Фикһ ілімінің басқа ғылымдармен қатынасы СС 4. Сақтандыру (такафул) жүйесі	1 2	8	
5	Д 5. Фикһ ілімінің негізгі принциптары СС 5. Исламдағы адам құқығы тұжырымдамасы	1 2	8	
2 МОДУЛЬ. Қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге қатысты фикһтық ұстанымдар				
6	Д 6. Фикһтың бастапқы кезеңі және Ижтихад теориясы СС 6. Ислам қаржысы: шариғатқа сай банкинг ОБӨЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер.	1 2	2 8	
7	Д 7. Мәзһабтардың қалыптасу кезеңдері.	1		
	СС 7. Донорлық, трансплантация және вакцина және биоэтика мәселелері.	2	8	
	МӨЖ 2. «ҚМДБ Ғұламалар кеңесі қарастырған тақырыптардың классификациясы» тақырыбына презентация қорғау және вордта өткізу. Отандық ғылыми басылымдарда пән жетекшісімен осы тақырыптарға мақала жариялау.			18
8	Д 8. Фикһ ілімінде мәзһабтардан кейінгі дамушылық СС 8. Несие, ипотека және пайыз мәселелері. ОБӨЖ 3. БӨЖ 3 бойынша кеңестер.	1 2	8	

Аралық бақылау 1			100
9	Д 9 Әхлия теориясы СС 9. Жұмыс беруші мен қызметкер құқықтары ОМӨЖ3. МӨЖ 3. Тандалған тақырыптардың бірі бойынша презентация қорғау. «Фикһтың қалыптасқан терминдері» (2), «Әл-Әзхар ғалымдары қарастырған фикһ тақырыптарының классификациясы» тақырыбына презентация қорғау және вортда өткізу.	1 2	5 15
10	Д 10. Үкімдер және оның мәні СС 10. Мұрагерлік тәжірибесі мен отбасылық құқық ОБӨЖ 4. БӨЖ 4. жүзеге асыру бойынша кеңес беру.	1 2	5
3-МОДУЛЬ. Фикһтың заманауи қолданылуы және болашақтағы бағыттары			
11	Д 11. Азимат пен рұхсат мәселесі.	1	
	СС 11. Қызмет көрсету саласындағы фикһтық нормалар.	2	6
12	Д 12. Фикһи үкімдердің дәлелдері	1	
	СС 12. Халал өнімдер, косметика, дәрі-дәрмек мәселелері.	2	6
	ОМӨЖ 4. МӨЖ 4. Тандалған тақырыптардың бірі бойынша презентация қорғау, вортда өткізу. «әл-Әзхар университеті ғалымдары қарастырған фикһ мәселелері», «Ханафилық пәтуа беру кеңестерінің пәтуаларына салыстырмалы талдау».		15
13	Д 13. Қазақстанда Халал даму және ҚМДБ Ғұламалар кеңесі жұмыстары.	1	
	СС 13. Зекет беру, садақаға қатысты фикһи мәселелер.	2	6
	ОБӨЖ 5. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер		
14	Д 14. Исламда аманат ұғымы. Суицид. Эфтаназия мәселелері.	1	
	СС 14. Орган трансплантациясы және донорлық.	2	6
	ОМӨЖ 5. МӨЖ 5. «Қазіргі заманғы фикһ зерттеушілері (Юсуф әл-Қарадауи, Таха Жабир әл-Алвани, Уахба аз-Зухайли, Мухаммад Хашим Камали т.б.)», «Ислам құқығы мен қазіргі құқық жүйелерінің өзара байланысы», «Халықаралық ислам фикһ академияларының құжаттары» тақырыбына презентация жасау және вортда өткізу.		15
	ОБӨЖ 6. БӨЖ 6. орындау бойынша кеңестер		
15	Д 15. Шариғат мақсаттары және қазіргі түйткілді мәселелер	1	
	СС 15. Жасанды ұрықтандыру және суррогат ана.	2	6
	ОМӨЖ 6. МӨЖ 6. «Жасанды интеллект және ислам құқығы», «Мақасид әш-Шариға (шариғат мақсаттары), «Дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі», «Қазіргі ислам әлеміндегі экономикалық және қаржылық фикһ: дамуы» тақырыбына презентация және вортда өткізу.		15
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ **Б.Б. Мейрбаев**

Кафедра меңгерушісі _____ **А.Д. Құрманалиева**

Оқу және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____ **А.Б. Альчимбаева**

Дәріскер _____ **Қ.С. Бағашаров**

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

МӨЖ 1. «Қазіргі әлемдегі фикһ зерттеулер орталықтары», «Фикһтың қалыптасқан терминдері» (1) тақырыбына презентация қорғау және вордта өткізу. (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Тақырыпты толықтай ашады, фикһ зерттеу орталықтары мен фикһ терминдерінің маңызын терең талдайды. Қазіргі әлемдегі негізгі фикһ орталықтарының қызметіне, олардың ілімдері мен әдістемелеріне терең сараптама жасайды.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір фикһ орталықтары мен терминдеріне қатысты ақпараттар толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.
Дереккөздерді қолдану және теориялық негіз	Тақырыпқа қатысты исламтану, фикһ, дінтану ғылымдарындағы теориялық негіздерге сүйенеді. Кемінде 10-15 сенімді дереккөзді (ғылыми мақалалар, монографиялар, фикһ кітаптары) қолданады.	Зерттеуінде ғылыми дереккөздерді қолданады, бірақ олардың саны мен сапасы жеткіліксіз. Теориялық негіздемені толық аша алмайды.	Аз ғана дереккөзді қолданады. Олардың ішінде ғылыми емес немесе сенімсіз ақпарат көздері болуы мүмкін.	Дереккөздерді мүлдем қолданбайды немесе плагиатқа жол береді.
Терминологиялық талдау және ғылыми сауаттылық	«Фикһтың қалыптасқан терминдері» бөлімін толықтай ашады. Әрбір терминді (мысалы: харам, халал, усул әл-фикһ, қияс) нақты, дәл және ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндіреді.	Негізгі фикһ терминдерін түсіндіреді, бірақ олардың кейбірінің мағынасын толық ашпайды. Терминдерді қолдануда аздаған қателіктер болуы мүмкін.	Терминдерді дұрыс қолданбайды немесе олардың мағынасын жете түсінбейді. Тек бірнеше терминді ғана атап өтеді.	Терминологиялық талдау жоқ. Терминдерді мүлдем қолданбайды.
Жұмыстың құрылымы және мәтіндік сапасы (word форматы)	Word құжатының құрылымы логикалық және дәйекті. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдері толық және жүйелі. Тілі сауатты, қатесіз жазылған.	Құрылым сақталған, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы логикалық байланыс әлсіз. Стыльдік және грамматикалық қателер кездесуі мүмкін.	Жұмыстың құрылымы нашар. Мәтінінде көптеген қателер (орфографиялық, грамматикалық) бар.	Жұмыстың құрылымы жоқ. Мәтін түсініксіз, логикасыз.

Презентацияны қорғау және ауызша сөйлеу шеберлігі	Презентацияны сапалы дайындайды. Өз ойын жүйелі, анық және сенімді жеткізеді. Қосымша сұрақтарға толық, жан-жақты жауап береді.	Презентациясы жақсы дайындалған, бірақ өз ойын жеткізуде аздаған қиындықтар туындауы мүмкін. Кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды.	Презентациясының сапасы төмен. Өз ойын түсініксіз жеткізеді. Сұрақтарға жауап беруде қиналады.	Презентациясы жоқ немесе сапасы өте нашар. Ауызша қорғай алмайды.
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Тақырыпты толықтай ашады, фикһ зерттеу орталықтары мен фикһ терминдерінің маңызын терең талдайды. Қазіргі әлемдегі негізгі фикһ орталықтарының қызметіне, олардың ілімдері мен әдістемелеріне терең сараптама жасайды.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір фикһ орталықтары мен терминдеріне қатысты ақпараттар толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.

МӨЖ 2. «ҚМДБ Ғұламалар кеңесі қарастырған тақырыптардың классификациясы» тақырыбына презентация қорғау және вордта өткізу. Отандық ғылыми басылымдарда пән жетекшісімен осы тақырыптарға мақала жариялау. (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Тақырыпты толықтай ашады. ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің негізгі қызметін, қарастырған тақырыптарының өзектілігін және олардың классификациясын терең талдайды. Классификацияның ғылыми негіздерін дәлелдейді.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Қарастырылған тақырыптардың барлық аспектілері толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Классификацияның маңызын жете түсінбейді.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.
Ғылыми мақаланың жариялануы және мазмұны	Отандық ғылыми басылымда (министрлік тізіміне енген) мақаласын пән жетекшісімен бірлесіп жариялайды. Мақала ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді, ғылыми жаңашылдығы бар және мазмұны терең.	Мақала жариялауға дайын, бірақ кейбір ғылыми талаптарға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Мақаланың мазмұнында аздаған кемшіліктер бар.	Мақала жазылған, бірақ ғылыми басылымда жарияланбаған. Мақаланың сапасы орташа.	Мақала жазылмаған немесе ғылыми талаптарға мүлдем сәйкес келмейді.
Зерттеу нәтижелерінің негізделуі және тұжырымдардың дәлелділігі	ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің шешімдері мен қаулыларына сүйене отырып, өз тұжырымдамаларын нақты, логикалық және дәлелді түрде	Зерттеу нәтижелері бар, бірақ олардың кейбірі жеткіліксіз дәлелденген. Тұжырымдарды негіздеуде олқылықтар кездеседі.	Ғылыми тұжырымдар жоқ. Зерттеу нәтижелері фактілерге негізделмеген немесе олар жалпылама сипатқа ие.	Зерттеу нәтижелері жоқ. Берілген ақпараттардың ғылыми негізі жоқ.

	негіздейді. Зерттеу нәтижелері практикалық маңызға ие.			
Жұмыстың құрылымы және мәтіндік сапасы (word форматы)	Word құжатының құрылымы логикалық және дәйекті. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және әдебиеттер тізімі толық және жүйелі. Тілі сауатты, қатесіз жазылған.	Құрылым сақталған, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы логикалық байланыс әлсіз. Стыльдік және грамматикалық қателер кездесуі мүмкін.	Жұмыстың құрылымы нашар. Мәтінінде көптеген қателер (орфографиялық, грамматикалық) бар.	Жұмыстың құрылымы жоқ. Мәтін түсініксіз, логикасыз.
Презентацияны қорғау және ауызша сөйлеу шеберлігі	Презентацияны сапалы дайындайды. Өз ойын жүйелі, анық және сенімді жеткізеді. Қосымша сұрақтарға толық, жан-жақты жауап береді және ғылыми пікірталасқа белсенді қатысады.	Презентациясы жақсы дайындалған, бірақ өз ойын жеткізуде аздаған қиындықтар туындауы мүмкін. Кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды.	Презентациясының сапасы төмен. Өз ойын түсініксіз жеткізеді. Сұрақтарға жауап беруде қиналады.	Презентациясы жоқ немесе сапасы өте нашар. Ауызша қорғай алмайды.

МӨЖ 3. «Фикһтың қалыптасқан терминдері» (2) немесе «Әл-Әзхар ғалымары қарастырған фикһ тақырыптарының классификациясы» тақырыбына бағалау рубрикасы (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Таңдалған тақырыпты толықтай және жан-жақты ашады. Тақырыптың өзектілігін, ғылыми жаңашылдығын дәлелдейтін нақты тұжырымдамалар ұсынады.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.
Дереккөздерді қолдану және теориялық негіз	Тақырыпқа қатысты фикһ, исламтану ғылымдарындағы теориялық негіздерге сүйенеді. Кемінде 10-15 сенімді дереккөзді (ғылыми мақалалар, монографиялар, фикһ кітаптары) қолданады.	Зерттеуінде ғылыми дереккөздерді қолданады, бірақ олардың саны мен сапасы жеткіліксіз. Теориялық негіздемені толық аша алмайды.	Аз ғана дереккөзді қолданады. Олардың ішінде ғылыми емес немесе сенімсіз ақпарат көздері болуы мүмкін.	Дереккөздерді мүлдем қолданбайды немесе плагиатқа жол береді.
Терминологиялық талдау немесе классификацияның негіздемесі	"Фикһтың қалыптасқан терминдері" тақырыбы таңдалса, терминдерді нақты, дәл және ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндіреді. "Әл-Әзхар ғалымары..." тақырыбы таңдалса, классификацияның негізін, оның	Таңдалған тақырып бойынша негізгі мәселелерді түсіндіреді, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Тақырыптың кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Таңдалған тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Маңызды терминдердің мағынасын немесе классификацияның негізін жете түсінбейді.	Тақырыптың мазмұнын мүлдем ашпайды. Терминдерді дұрыс қолданбайды немесе классификацияны түсіндіре алмайды.

	ерекшеліктерін, ғылыми және практикалық маңыздылығын терең талдайды.			
Жұмыстың құрылымы және мәтіндік сапасы (word форматы)	Word құжатының құрылымы логикалық және дәйекті. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және әдебиеттер тізімі толық және жүйелі. Тілі сауатты, қатесіз жазылған.	Құрылым сақталған, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы логикалық байланыс әлсіз. Стилдік және грамматикалық қателер кездесуі мүмкін.	Жұмыстың құрылымы нашар. Мәтінінде көптеген қателер (орфографиялық, грамматикалық) бар.	Жұмыстың құрылымы жоқ. Мәтін түсініксіз, логикасыз.
Презентацияны қорғау және ауызша сөйлеу шеберлігі	Презентацияны сапалы дайындайды. Өз ойын жүйелі, анық және сенімді жеткізеді. Қосымша сұрақтарға толық, жан-жақты жауап береді және ғылыми пікірталасқа белсенді қатысады.	Презентациясы жақсы дайындалған, бірақ өз ойын жеткізуде аздаған қиындықтар туындауы мүмкін. Кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды.	Презентациясының сапасы төмен. Өз ойын түсініксіз жеткізеді. Сұрақтарға жауап беруде қиналады.	Презентациясы жоқ немесе сапасы өте нашар. Ауызша қорғай алмайды.
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Таңдалған тақырыпты толықтай және жан-жақты ашады. Тақырыптың өзектілігін, ғылыми жаңашылдығын дәлелдейтін нақты тұжырымдамалар ұсынады.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.

МӨЖ 4. Таңдалған тақырыптардың бірі бойынша презентация қорғау, вордта өткізу. «әл-Әзхар университеті ғалымдары қарастырған фикһ мәселелері», «Ханафилық пәтуа беру кеңестерінің пәтуаларына салыстырмалы талдау». (АБ 100%-ның 30%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Таңдалған тақырыпты толықтай және жан-жақты ашады. Тақырыптың өзектілігін, ғылыми жаңашылдығын дәлелдейтін нақты тұжырымдамалар ұсынады.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.
Дереккөздерді қолдану және теориялық негіз	Тақырыпқа қатысты фикһ, исламтану ғылымдарындағы теориялық негіздерге сүйенеді. Кемінде 10-15 сенімді дереккөзді (ғылыми мақалалар, монографиялар, пәтуа жинақтары) қолданады.	Зерттеуінде ғылыми дереккөздерді қолданады, бірақ олардың саны мен сапасы жеткіліксіз. Теориялық негіздемені толық аша алмайды.	Аз ғана дереккөзді қолданады. Олардың ішінде ғылыми емес немесе сенімсіз ақпарат көздері болуы мүмкін.	Дереккөздерді мүлдем қолданбайды немесе плагиатқа жол береді.

Талдау және салыстырмалы талдаудың негіздемесі	"Әл-Әзхар..." тақырыбы таңдалса, Әл-Әзхар ғалымдарының фикһ мәселелеріне деген көзқарастарын жан-жақты талдайды. "Ханафилық пәтуа..." тақырыбы таңдалса, пәтуаларға салыстырмалы талдау жасайды, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.	Таңдалған тақырып бойынша негізгі мәселелерді түсіндіреді, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Тақырыптың кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Таңдалған тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Маңызды мәселелердің мәнін жете түсінбейді.	Тақырыптың мазмұнын мүлдем ашпайды. Дәлелдері мен тұжырымдары әлсіз.
Жұмыстың құрылымы және мәтіндік сапасы (word форматы)	Word құжатының құрылымы логикалық және дәйекті. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және әдебиеттер тізімі толық және жүйелі. Тілі сауатты, қатесіз жазылған.	Құрылым сақталған, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы логикалық байланыс әлсіз. Стильдік және грамматикалық қателер кездесуі мүмкін.	Жұмыстың құрылымы нашар. Мәтінінде көптеген қателер (орфографиялық, грамматикалық) бар.	Жұмыстың құрылымы жоқ. Мәтін түсініксіз, логикасыз.

МӨЖ 5. «Қазіргі заманғы фикһ зерттеушілері (Юсуф әл-Қарадауи, Таха Жабир әл-Алвани, Уахба аз-Зухайли, Мухаммад Хашим Камали т.б.)», «Ислам құқығы мен қазіргі құқық жүйелерінің өзара байланысы», «Халықаралық ислам фикһ академияларының құжаттары» тақыбына презентация жасау және вортда өткізу. (АБ 100%-ның 30%)

Критерий	«Өте жақсы» 25-30%	«Жақсы» 20-25%	«Қанағаттанарлық» 15-20%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-15%
Тақырыптың ашылуы және зерттеу тереңдігі	Таңдалған тақырыпты толықтай және жан-жақты ашады. Тақырыптың өзектілігін, ғылыми жаңашылдығын дәлелдейтін нақты тұжырымдамалар ұсынады.	Тақырыпты негізінен ашады, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды. Зерттеудің негізгі мәселелерін терең ашпайды.	Тақырыптың мәнін түсінбейді немесе тақырыптан ауытқиды. Жұмыс жалпылама ақпараттан тұрады.
Дереккөздерді қолдану және теориялық негіз	Тақырыпқа қатысты фикһ, құқықтану, исламтану ғылымдарындағы теориялық негіздерге сүйенеді. Кемінде 10-15 сенімді дереккөзді (ғылыми мақалалар, монографиялар, академия құжаттары) қолданады.	Зерттеуінде ғылыми дереккөздерді қолданады, бірақ олардың саны мен сапасы жеткіліксіз. Теориялық негіздемені толық аша алмайды.	Аз ғана дереккөзді қолданады. Олардың ішінде ғылыми емес немесе сенімсіз ақпарат көздері болуы мүмкін.	Дереккөздерді мүлдем қолданбайды немесе плагиатқа жол береді.
Талдау және салыстырмалы талдаудың негіздемесі	«Қазіргі заманғы фикһ зерттеушілері» тақырыбы таңдалса, аталған ғалымдардың	Таңдалған тақырып бойынша негізгі мәселелерді түсіндіреді, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз. Тақырыптың	Таңдалған тақырыпты беткі деңгейде ғана қамтиды.	Тақырыптың мазмұнын мүлдем ашпайды. Дәлелдері мен тұжырымдары әлсіз.

	фиqhқа қосқан үлесін, әдістемелерінің ерекшеліктерін сараптайды. «Ислам құқығы мен қазіргі құқық жүйелерінің өзара байланысы» тақырыбы таңдалса, екі құқық жүйесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырады. «Халықаралық ислам фиqh академияларының құжаттары» тақырыбы таңдалса, маңызды құжаттарды талдап, олардың ғылыми маңыздылығын көрсетеді.	кейбір аспектілері толық қамтылмаған.	Маңызды мәселелердің мәнін жете түсінбейді.	
Жұмыстың құрылымы және мәтіндік сапасы (word форматы)	Word құжатының құрылымы логикалық және дәйекті. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және әдебиеттер тізімі толық және жүйелі. Тілі сауатты, қатесіз жазылған.	Құрылым сақталған, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы логикалық байланыс әлсіз. Стильдік және грамматикалық қателер кездесуі мүмкін.	Жұмыстың құрылымы нашар. Мәтiнiнде көптеген қателер (орфографиялық, грамматикалық) бар.	Жұмыстың құрылымы жоқ. Мәтін түсініксіз, логикасыз.

